

Ұлытау облысының білім басқармасы
Ұлытау ауданының білім бөлімі
«№14 ЖББМ» КММ

**ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ БОЙЫНША 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА
ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР
ЕСЕБІ**

(ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН
«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА)

Тәрбие жұмысы бойынша 2022-2023 оқу жылында жүргізілген жұмыстар

ЕСЕБІ

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамыту, оқушылардың жеке басының өзін-өзі анықтауы, олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуі үшін жағдай жасау.

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие міндеттері:

1) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу.

2) оқушылардың оқу іс-әрекетіне тұрақты ынтасын дамыту, білім беру мен өз бетінше білім алудың өмір мен қызмет үшін маңыздылығын ұғыну.

3) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өз бетінше шешу қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту.

отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу; қазақ және басқа да этностар мен Қазақстанның этностық топтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру.

4) елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру.

5) тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.

6) тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.

7) әлеуметтік маңызы бар балалар, отбасы және ата-ана бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау.

8) балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру.

9) балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру.

10) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

11) Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қадағалаусыздықтың алдын алу және жасөспірімдер арасындағы нашакорлықтың алдын алу бойынша жұмыс істеу, «қатер» тобындағы

балаларды мектеп өміріне, сыныпқа, үйірмелер, секциялар сабақтарына барынша тарту.

12) Оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасына сәйкес кеңінен қолдану.

2022-2023 оқу жылына арналған мектептің тәрбие қызметінің басым бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие.

3. Ұлттық тәрбие.

4. Отбасылық тәрбие.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Жоспарланған нәтижелер:

• Түлектің патриот азамат ретіндегі моделі, білімді адам, еркін, мәдени, адамгершілік, өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлға, әлеуметтік жетілу, өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік, жеке тұлғаны сезіну, қоғамдық тану қажеттілігі, қажетті білім деңгейі. Оқушылар ұлттық құндылықтар туралы түсініктерін қалыптастырды.

• Оқушылар жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағытталған оқушылардың өзін-өзі басқарудың ұжымдық шығармашылық қызметіне белсенді қатысады.

• Тәрбие жұмысының жүйесін тақырыптық кезеңдерге батыру арқылы ұйымның аркасында барынша ашық, қисынды болды; мұндай жүйе тәрбие жұмысының әрбір бағытын іске асыруға бағдарланған.

• Оқушылардың ең көп саны қосымша білім беру жүйесіне енгізілген. Үйірмелерде сабақтарды ұйымдастыру адамның таным мен шығармашылыққа деген ынтасын дамытуға бағытталған.

• Сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігі мен өзін-өзі тәрбиелеуге деген ынтасы артты, соның аркасында сыныптардағы тәрбие жұмысының тиімділігі артты.

• Оқу процесінің тиімділігін бақылау жүйесі оқу процесінде болып жатқан өзгерістерді және оларды тудыратын факторларды уақтылы анықтауға және талдауға мүмкіндік береді.

• Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті арттырылды, жұмыс жүйесі ата-аналардың шығармашылық әлеуетін ашуға, Отбасы дәстүрлері мысалында отбасылық тәрбиені жетілдіруге, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін күшейтуге ықпал етеді.

«Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» бағыты бойынша қыркүйек, қазан айында төмендегі іс-шаралар өтті.

1-қыркүйек Білім күні мерекесіне арналған "Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық тақырыбында салтанатты жиын өтілді. Оқушылардың сап түзеуімен, мемлекеттік туға бет алып мемлекеттік әнұран орындалды. мектеп директоры Б. Алтынбеков оқу ордасының өткен жылғы жетістіктері мен жаңа оқу жылындағы міндеттеріне тоқталды. оқу ісінің орынбасары Қ. Біраяқов жаңа оқу жылындағы мектеп оқу процесінің мақсат міндеттерін айқындады. Шақырылған қонақтар атынан селолық ФАП меңгерушісі Г. Қазыбаева құттықтау сөз сөйледі. мектеп оқушыларының мерекелік әншашуы болды. 1 -сынып оқушысы Аруна Жеңісбай және 11-сынып оқушысы. Нұрсұлтан Хамит алғашқы қоңырау соғу рәсіміне ие болды. мерекелік жиын сыныптарда "білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық тақырыбында ашық сынып сағаттары мен жалғасты.



Білім күніне орай 1-11 – сыныптарда "Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет" тақырыбында сынып сағаты өтті. Мақсаты: Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту.



1 қыркүйек «Білім күні» мерекесімен қатар еліміздің тарихында, жаңа бір саяси ахуал орын алып отырғаны баршамызға аян. Еліміз жыл сайын үлкен үмітпен күтетін ел президентінің жолдауы 2022-2023 жаңа оқу жылының басталуымен қатар келуі, әрбір азаматының ерекше назарын аударды. Бүгінгі ел Президентінің жолдауы еліміздің болашақ дамуы мен ертеңгі күнге

бетбұрысын айқындап берді. Барлық бағыттардың дамуы, ел тағдыры үшін маңызды. Қазақ халқының әрбір азаматының көкейінде жүрген мәселені шешу жолына арналған жаңа жолдау, ел дамуы мен халқымыздың өмірінде біршама жаңашылдықтың болатынын көрсетіп бергендей. Ел Президенті жолдауын мектеп ұжымы Қазақстандық зор ықыласпен тыңдап, толғаныспен қабылдады. Мектеп директоры Б.Алтынбеков өз сөзінде: «Президентіміз тарапынан алға қойған мақсат-міндеттер мен экономикалық, әрі әлеуметтік салаларға көңіл бөлінгені көпшіліктің көңілінен шықты деп ойлаймын» деп жиынды түйіндеді.

9 қыркүйек күні жалпы құқықтық білім беру сабағы өтті. Сабақтың мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын тереңдету, ата-заманымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, шыншылда әділетті және парасатты тұлға қалыптастыру. «Бала құқығы – адам құқығы» айлық іс-шаралар жоспарына сәйкес, мектебімізде 9-11 сыныптар арасында «Сен өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында дебат сабағы ұйымдастырылды. Сабақтың барысында оқушыларға сұрақтар беріліп, қатысушылар өз ойын білдірді. Қазақстан Республикасының адам және азамат бөлімінің баптарымен танысып, өз құқықтары туралы білімдерінің әрі қарай тереңдетуге септігін тигізді.

12 қыркүйек күні барлық сыныптарда "Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық" тақырыптарында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатын өткізудегі мақсаты - Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге, қастерлеуге, білім алушыларды білімге ұмтылдыруға, отаншылдыққа, еңбексүйгіштіктің құндылықтарының адам өміріндегі рөлін түсіндіру. Оқушылар сабаққа белсене қатысып, мектепке деген сағыныштарын көрсете білді. Бүгінгі сабақтан оқушылар көп мағлұмат алды.



Республикалық балалар оқулары байқауының I аудандық кезеңінде 7-8 сынып арасында өткен "Ғасырлар тарихты жырлайды" тақырыбында жүлделі II орынға ие болған мектебіміздің 7сынып оқушысы Нығметжан Назым марапатталды.



Жылдық жоспарға сәйкес 1 қазан қарттар күні қарсаңында ауыл тұрғындары арасында яғни жалғызбасты және көмекке мұқтаж болған бірнеше қариялар мен әжейлерге мектеп көмек көрсетілді. Қожықова Орынкүл әжейдің отбасына қыстық отын ағаштарын дайындап берді. Қарияларымыз елеп ескеріп келген ұстаздарға еріктілерге ризашылық білдірді және өз баталарын берді.



Қазанның бесінші жұлдызында «Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік» атты 5-11 сынып оқушыларына арналған профилактикалық әңгіме өтті. Іс-шараны әлеуметтік педагог А.Ермағанбет, ЮП қызметкері, тәрбие ісінің меңгерушісі Е.Оразбаев өткізді.

«#14 ЖБММ» КММ-де Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздігім тұғырым" тақырыбында 1-11 сынып оқушылары арасында тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, «Тәуелсіздік тірегім» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты оқушыларды елімізді Отанымызды сүйуге патриоттыққа тәрбиелеу. «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. 5-11 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты: Оқушыларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүйуге және ерлікке баулу. Желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.



Мектебімізде 15 ақпан Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылған күніне орай «Ауғанның от жалыны» атты бейнешолу өткізілді. Мақсаты: Ауған соғысында опат болған боздақтар рухына тағзым етуге, есімдерін кастерлеуге тәрбиелеу. 10жылға созылған соғыста қаншама ауырлықты бастарынан кешті. Ауған соғысының қасіреті арқылы, өзінің әскери антына берік болып қаза тапқан боздақтар мен бүгінгі көзі тірі Ауған соғысының ардагерлерінің әскери жолдарын өнеге етіп, жастарды патриоттық сезімге баулу.

2023 жылдың 4 мамырында еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін дәріптеу, ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы ұрпақ тәрбиелеу мақсатында «Еркін ел ұрпағы» атты жалпыұлттық патриоттық диктант жазу сағаты өтті. Іс-шараға 8-11 сынып оқушылары қатысты.



Мектебіміздің 5-11 сыныптар аралығынды 7мамыр ұландар күніне орай дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты: Жас жеткіншек ұрпақтарды Отан сүйгіштікке,ерлікке,адалдыққа баулу.Ұлттық патриоттық сезімін қалыптастыра отырып, елін, жерін қорғауға, бейбітшілікті нығайтуға тәрбиелеу.

Мектебімізде 31 мамыр "Саяси қуғын-сүргін" күніне орай 10-сынып оқушылары арасында Р.Нағипарованың ұйымдастыруымен пікірталас өткізілді.

5 сыныбында 31-мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған сынып сағаты болды.

Әлихан Бөкейханұлына арналған оқушылармен әңгіме өтті.

Мақсаты: Қазақ халқының тарихындағы қасіретті кезеңде солақай саясаттың құрбаны болған қазақ халқының зиялылары туралы мағлұмат беру, олардың есімдерін құрметтеуге, ұмытпауға тәрбиелеу, сондай-ақ сол уақытқа тәуелсіз ел ұрпағының көзімен баға беру



2023жыл 1 маусым күні мектеп түлектерінің бітіру кеші ұйымдастырылды. Салтанатты шараның шымылдығы еліміздің Әнұранымен ашылды. Одан кейін мектеп директоры Бахытбек Алтынбеков оқушылар мен ұстаздарды мерекелерімен құттықтап, мектеп бітіруші түлектерге ақ тілегін жеткізді. Аяқталғалы отырған оқу жылы біздің мектебіміз үшін де жемісті жыл болды. Біздің оқушыларымыз биылғы оқу жылында жақсы нәтиже көрсетті. Бұл — біздің ұстаздарымыз бен оқушыларымыздың талмай еткен еңбектерінің жемісі,- деп баяндады мектеп директоры Бахытбек Алтынбеков

Еліміздің болашағы — сіздердің қолдарыңызда. Сондықтан әр кезде терең білім алу жолында жалықпай, талмай, ізденіп, ел тізгінін ұстайтын азамат болуларыңызды тілеймін. — деді ата-ана Есенгелды Оразбаев.

Жиында түлектер ұстаздарына жүрекжарды өлеңдерін арнап, әсем әндерін жолдап, өз тілектерін жолдады. Айта кетсек 1993, 2013 жылы біртүрген 10 жыл, 30 жыл толуына байланысты, бітіруші түлектер келіп өз тілектерін білдірді.

Биылғы жылы мектебімізді 4 түлек аяқтап отыр. Жас түлектерге алдағы ҰБТ-дан жақсы көрсеткіш көрсетуіне және Қазақстанның кемел келешегіне үлес қосар азаматтары болуына игі тілектер айтылып, салтанатты жиын аяқталды.



Рухани – адамгершілік тәрбие. Ұлттық тәрбие бойынша қыркүйек айының бесінші жұлдызында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 5 қыркүйек Тілдер күніне орай «Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі» атты іс-шаралар апталығы өтті. Қазақстан халықтарының тілдері күні мерекесі орай Ұлы ұстаз, ақын, жазушы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай тіл апталығы басталды. Мектебіміздің Қоғамдық-гуманитарлық бағыт мұғалімдерінің ұйымдастыруымен саптық жиын өткізілді, А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы талқыланды.



Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай, Апталық ұйымдастырылды. Іс-шара бойынша мақал-мәтел, нақыл сөздер айтып жарыс ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің Ахмет атамyzдың шығармашылығын айтты.

Іс-шараның басты мақсаты: Оқушыларға тілдер мерекесінің мән-мағынасын түсіндіре отырып Ахмет Байтұрсынұлы туралы мағұлматтар қалыптастыру.



Ұстаздар күніне орай мектебімізде Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы негізінде мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру мақсатында "Дублер күні" ұйымдастырылды. Дублер күнінің мақсаты: мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.

Ұстаздар мерекесіне орай мектебіміздің 8 сынып оқушылары сынып жетекшісі Ж.Арипбековамен бірге ардагер ұстаз Алтынбекова Үміш апаймен кездесіп қайтты. Оқушылар ардагер ұстаздың естеліктерін тыңдап, сыйлықтарын табыстап, естелікке суретке түсті. Мақсаты: Оқушыларға ұстаз—екінші ана екенін түсіндіру. Танымдық қабілетін арттыру. Ұстаздарды құрметтеуге тәрбиелеу.



Аталмыш жоба аясында Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығына орай «М.Әуезов және Абай» әдеби кеш өтті. іс-шараны тілдер әдіс бірлестігі, кітапханашы және 8-11 сынып жетекшілері ұйымдастырды.

Кеш барысында 8-сынып оқушылары жазушының өмірі мен шығармашылығына тоқталса, 9-сынып оқушылары "Абай жолы" роман-эпопеясынан "Абай оқудан қайтқанда" үзіндісін оқыды. 6-сынып оқушылары Қасым Аманжоловтың "Мұхтар аға!", Сырбай Мәуленовтің "Мұқана", Әбдіраш Жарасқанның "Тарих заңы", Мұхтар Шахановтың "Менің есімімді неге Мұхтар қойған" тақырыбындағы арнау өлеңдерін оқыды. Сондай - ақ, көрермендерге Әуезовтің шығармашылығын насихаттайтын бейнефильм көрсетіліп, жазушының өз даусы тыңдалды. "Заманымыздың заңғар жазушысы" тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Кемел ойдың кеніші, кенен сөздің өрісі, көркем сөздің шыңына шығып, соңына мәңгі өлмес мұра қалдырған әлемге әйгілі жазушыны дәріптеу- біздің міндетіміз деп танимыз.

Қыркүйектің жиыrmасы күні «адалдық дүкені» акциясы ұйымдастырылды. Оқушылар мен ұстаздар, ата-аналар акцияға белсенділік танытып қатысты. Акцияның мақсаты балаларды адалдыққа, қайырымдылыққа, мәдениетті болуыға, сыйластыққа үйрету болатын. Бұл мақсат орындалды. Балалар бір-бірін сыйлау, үлкенді өткізіп жіберу, қыздарға жол беру арқылы мектеп ұстаздарына үлкен қуаныш сыйлады. Бұл акция әлі де жалғасын табады.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Сүйікті кітап кейіпкеріне хат» II аудандық әдеби-шығармашылық байқаудың мектепшілік кезеңіне қатысушы 8 сынып оқушысы Жарылғап Ақерке Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» кітабына жасаған фотоколлажы. 2023 жылы «Бір ел, бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіктің шығармалары ұсынылған. Мектеп кітапханасында қоғам қайраткеріне көрме ұйымдастырылған. Көрменің мақсаты: оқушыларға қайраткердің өмір жолдарын, шығармаларын насихаттау.





Мұқағали Макатаевтың туған күніне орай мектебімізде дөңгелек стол, тәрбие сағаттары, танымдық сабақтары өткізілді. Оның бірі қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Нағишпарованың ұйымдастыруымен "Ақиық ақын-Мұқағали Макатаев" атты танымдық сабағы.



"Менің сүйікті кітабымнан бір парақ" тақырыбындағы суреттер, 5 сынып оқушылары. Мақсаты: Балаларды кітап оқуға тарту, шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға жағдай жасау, балалардың көркем шығармашылығын және балалардың эстетикалық талғамын дамыту. Ұйымдастырған: Баткалова Г.



Адамзат бесігін тербеткен баланың бас Ұстазы —Ата-Ана. «№14 ЖББМ» КММ-нің мектеп оқушыларының ата-аналарына «Жақсы бала — Ата- ана қуанышы» атты жаңа форматтағы жиналыс өтті. «Ең әдемі көздер», «Бес

саусақ» әдісі, «Себеттегі ізгі- тілек», Нейрожаттығу, арқылы бала тәрбиелеуде Әке мен Ананың рөлі түсіндірілді.

*Жақсы бала-Ата-Ана құрмашы.



Мектебімізде “Шуақты дала-өнегелі бала” тақырыбында айлық іс-шара жоспары аясында 17.03 күні мектеп ұжымының наурыз мерекесі тойланды. Ата аналарда белсене қатысты. Табиғат, жер - дүниенің жаңарып, жасанатын көктем мезгілінің ұлы мерекесі – Наурыз құтты болсын!

Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын,

Пәле – жала жерге еніп,

Қайда барса жол болсын!

Әр отбасына тыныштық, татулық, береке - бірлік, бақыт тілейміз !



Мектепалды даярлық сыныбының бүлдіршіндері, ата-аналары және сынып жетекшісінің қатысуымен "Асық - асыл қазына" облыстық асық ойындары челленджі өтті. Челлендждің мақсаты: Балалар мен ересектер арасында асық ойындарын кеңінен насихаттау арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ұлттық ойындар арқылы балаларды дәлдікке, мергендікке, ептілікке, әділдікке тәрбиелеу.

Мектебімізде "Балбөбек" шағын орталықтың ұйымдастыруымен "Халықаралық балаларды қорғау күні" мерекесіне арналған "Бар мейіріміміз балаларға " тақырыбында мерекелік ертеңгілік болып өтті. Ертеңгілікке жас бүлдіршіндермен бірге ата- аналарда белсене қатысып бүлдіршіндерді

мерекесімен құттықтап, тілектерін білдірді. Балалар өздерінің өнерлерін көрсетіп, ән айтып, би биледі. Ұйымдастырған тәрбиеші Жакупбергенова Ү

Ұлытау облысының 1-12 маусым "Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн" Ұлттық ақпараттық науқанының онкүндікті өткізу іс-шара жоспарына сәйкес Тәлімгер Ж. Тамабаеваның ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушыларымен "Спорт-денсаулық кепілі" тақырыбында спорттық ойындар ойналды.

"Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн" атты іс-шара жоспарына сәйкес "Бала құқығы жөніндегі Конвенция-баланы қорғау" тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі Р. Нағипарова сынып оқушыларымен түсіндіру жұмысын жүргізді.

Максаты: бала мен қоғам үшін салдарын ашып айта отырып, жұртышылықты осы халықаралық және ұлттық заңнамамен ақпараттандыру.

Ұлытау облысының 1-12 маусым "Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн" Ұлттық ақпараттық науқанының онкүндікті өткізу іс-шара жоспарына сәйкес балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында балалар сурет салды.



«Жаксылыкты жаса» ұранымен өтетін Республикалық «Мектепке жол»-2023 қайырымдылық акциясына қатысайық! 2023 жылы «Мектепке жол» республикалық акциясының мақсаты-аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу. Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, оның мектепке жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға шынайы

камқорлық пен назар аудара алады. Балалар – біздің болашағымыз. Сондықтан, «Мектепке жол» акциясына үкіметтік емес ұйымдарды, кәсіпкерлерді және мемлекеттік органдарды, ауыл халқын акцияға белсене қатысуға, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларына қолдау көрсетуге шақырамыз.

Отбасылық тәрбие бойынша, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Отбасылық оқуға арналған кітаптарға шолу» бейне шолу өткізілді. Іс-шара бастауыш сыныптарда өтті. Бұдан бөлек, «Кітаптар қалашығына саяхат» атты ашық есік күні, «Отбасын кітап даналығы нығайтады» атты ашық есік күні, «Отбасының қызығушылық әлемі» атты отбасы вернисажы, «Бір халық, бір ел, бір тағдыр» атты мереке, 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне «Оқу – сиқырлы кілт» - атты отбасылық оқу күні.

12 қыркүйек күні «Отбасы – бақыт мекені» атты айдарымен «Отбасымызбен бірге оқимыз» атты отбасылық оқу өткізді. Отбасылық оқуға мектептің Нығметовтер жанұясы, Кабеновтер, Елтаевтар және т.б. жанұялары қатысты. Шарада балалар мен ата-аналар өздері оқыған кітаптары жайлы ой бөлісті. Ата-аналар үшін «Тәрбие көзі - отбасы» атты көрмеге шолу жасалып, «Балаға кітапқа және кітап оқуға сүйіспеншілікті қалай дамытамыз» және «Оқырманды мәпелеп өсіреміз» атты жаднамалар таратылды, слайд-шоу көрсетіліп, блиц-турнир ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Сөздің жалғасын тап», «Ертегіні жалғастыр» атты ойындар және «Сиқырлы конверттер» атты әдеби-іздеу ойыны өткізіліп, мультфильмдер көрсетілді.



Қыркүйек айының басынан бастап мектепте діни ұйымдарға қатысатын отбасылар мен оқушыларды анықтау бойынша жұмыс жоспары жүргізіліп, 14 қыркүйек күні қорытындысы шықты. Мектепте мұндай санатқа енгізілген оқушылар және олардың отбасы, мектеп ұстаздары тіркелмеген.

23 қыркүйек күні Қамқоршылар кеңесінің алғашқы отырысы өтті. Күн тәртібінде Board of Trustees отырысы жоспарын құру және түрлі мәселелер қаралды. Кеңеске қамқоршылық кеңес төрағасы, мүшелері, мектеп әкмішілігі, ата-аналар қатысты. Кеңес төрағасы кеңеске қатысушыларды келген жаңа оқу жылымен құттықтап, жұмыстарына сәттілік тіледі. Жоспар жасауға өзекті мәселелерді енгізуді ұсынды.

Келесі мәселеде қамқоршылық кеңес мүшелері және мектептің әлеуметтік педагогы А.Ермағанбеттің зерттеу нәтижесінде анықталған әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыға көмек көрсету қаралды. Сондай-ақ, Президент жолдауын іске асыру мақсатында мұғалімдер, жұмыскерлер қатысуымен жиналыс өтілді. Мақсаты: Жолдауда айқын көрсетілген білім саласы қызметкерлерінің табысын арттыру, халықтың әл-ауқат жағдайын жақсарту бағытындағы ой-пікірлер талқыланды.



20 қараша күні Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мектебімізде а"Бала құқығы-адам құқығы "- атты сынып сағаттары өтті. Мақсаты: Оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінік беру болып табылады.



Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие аясында «Рухани жаңғыру: болашқа бағдар» бағдарламасының БП «Үнем- қоғам қуаты» бағыты бойынша дебат ұйымдастырылды. Дебат 1-11 сыныптар арасында өтті. Себебі, саналы ұрпақ тәрбиелеу, сапалы білім және бақуатты мемлекет.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының басты критерийі саналады. Әрбір ауыл тұрғыны бәсекеге қабілетті болуы үшін азаматтарды прагматикалық дағдыларға оқыту жөнінен үлкен мәселе көтерілді. Мақалала айтылған осы «Прагматизм» бағыты бойынша арнайы жоба да әзірленді. Ол «Үнем – қоғам қуаты» деп аталады.

Прагматикалық дағдыларға оқыту үшін жағдай жасау керек. Азаматтық сектор өкілі осылай дейді. Ол үшін мектеп бағдарламасына тайм-менеджмент, құқықтық және қаржылық сауаттылық сияқты әлеуметтік пәндер енгізген жөн. Одан бөлек, OpenU.kz, ашық университеті аясында оқыту тренингтері мен дәріс сабақтарын ұйымдастыру қарастырылған.

«Үнем – қоғам қуаты» жобасы аясында үкіметтік емес ұйым өкілдері жұмыс жоспарын белгіледі. Соның аясында онлайн тренингтер тәрізді көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды.



“ЖАСЫЛ МЕКЕН” челленджі көктемде көшет отырғызу арқылы қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды дәріптеумен қатар, еңбек құндылығын қалыптастыруға, айналаны көгалдандыруға, абаттандыруға бастама болып табылады. “ЖАСЫЛ МЕКЕН” челленджі білім алушылардың бойында экологиялық мәдениетті дарытуға, табиғат пен қоршаған ортаны құрметтеуге, қоршаған ортаға ғана емес, адамдарға деген қамқорлық сезімін дамытуға бағытталған.



Плогинг қозғалысы өзінің экологиялық табиғатымен, сондай-ақ даралығымен назар аударады. Мақсаты мен оңай қолданылуының арқасында плогинг әрекет студі ұнататын және қоршаған ортаға хабардар болуды өзінің міндеті деп санайтын адамдар үшін тамаша әрекет болып табылады. 26 мамыр күні мектебімізде “Түлектерден-табиғатқа” атты плогинг өтті. Акция барысында түлектер жасыл желек ағаштарды түітпн, қоқыстардан тазалады.



Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие аясында «Жол қозғалысы ережелері – біздің достарымыз» атты суреттер байқауы ұйымдастырылып, іс-шараға белсенді ат-салысқан оқушылар марапатталды.



Жаңа жыл мерекесіне орай 5-11 сынып оқушылары аралығында "Қош келдің, жаңа 2023 жыл!" жаңа жылдық кеш өткізілді. Жаңа жылдық кешке ата-аналар, оқушылар, мұғалімдер қатысты. Жаңа жылдық кеш жақсы көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар «Балбөбек» шағын орталығында тәрбиеші Жакыпбергенова Умиткуль Мантаевнаның ұйымдастыруымен «Қош келдің, Жаңа жыл» ертеңгілігі қызықты өтті. Әр бүлдіршін әсем ән мен тақпақтарын айтып, ата-аналармен бірге ойын ойнады. Жақсы тілектер мен лебіздер айтылып, соңында мүсін жасап ат салысқан ата-аналарға алғыс хат берілді.



«#14ЖББМ» КММ -де 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мейрамына орай сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен "Әлемді тербеткен мейірім" атты тәрбие сағаттары өткізілді. Іс шараның бірі мерекеге орай өткізілген «Әлемді тербеткен мейірім» тақырыбында оқушылар шығарма жазып, анаға деген құрметтерін көрсетіп, ой бөлісті.



1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған мерекелік іс-шаралар өткізілді. Мақсаты: Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелей отырып бір—біріне деген сыйластық сезімдерін жастайынан қалыптастыру. "Қазақстан халқының бірлігі күніне" орай мектепалды даярлық сыныбында, "Ынтымақ - достық кепілі" атты тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты :балаларды Отансүйгіштікке тәрбиелеу, достық, бірлік, татулық ұғымдарын кеңейту, бейбітшілікті сақтаудың маңыздылығын түсіндіру.



Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты аясында биыл мектеп президенті сайланды. Сонымен қатар оқушылардың өзін-өзі басқару мүшелері анықталып, алғашқы отырысы өтті. Мектеп Президенті болып Сабырбай Нұрайым сайланды.

Ал тарих пәнінің мұғалімі Р.Нағипарова «Өлкетану» мұражайында оқушыларға сабақ өткізді. Мұражай сабаққа зейнеттегі ұстаз Р.Құлмағамбетова, Ү.Алтынбекова, Р.Бахзиева мен оқушылар және мұғалімдер қатысты. Іс-шара барысында оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауаптарын алды. Сабақ соңында балалар мұражай ішінде экскурсияға өтті.

«#14 ЖББМ» КММ-де Балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау және кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында аутодеструктивті бейәлеуметтік мінез-құлықтың алдын-алу және интернет-ресурстарда кибербуллинг фактілері анықталған жағдайда құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу мақсатында жалпы ата-аналар жиналысы өтіліп, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Балалардың құқықтарын қорғау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, және қорқытудың (буллинг) алдын-алу мәселелерін шешу, салауатты және қауіпсіз оқу, тәрбие, еңбек және демалыс жағдайларын жасау. Психологиялық - педагогикалық қолдау және кәмелеттік жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті және бейәлеуметтік мінез-құлықтың алдын алу айлық жоспарына сәйкес "Виртуалды әлемнің әлегі мен көмегі" тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында семинар-тренинг ұйымдастырылды.



Мектептің әдістемелік кеңесінде қысқы каникул кезінде ІІІ деңгейлі педагог-сарапшы Бимағанбетова Светлана Бейсенбековна "Оқытудың белсенді әдістер " тақырыбында коучинг өткізді. қысқы каникулға арналған жоспарына сәйкес мектеп мұғалімдерге арналған "Оқу мен оқытуда АКТ тиімді пайдалану " тренинг өтілді. Алменова Ақтөре І-ші ілгерілетілген деңгейлі мұғалім, ІІ категориялы мектеп директорының орынбасары өткізді.

Мектептің әдістемелік кеңесінде қысқы каникул кезінде атқарылатын жұмыс жоспарына сәйкес Бираяков Қалижан ІІ-деңгейлі мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі "Сабақты тиімді жоспарлау. SMART мақсат қою" коучинг өткізді.



"Заң бәрімізге ортақ" атты тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатына мектеп оқушылары белсене қатысты. Оқушылардың құқықтық білімдерін тереңдету, заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптілік тің тиімді жолдарын таба білуге баулу. Оқушылардың өз құқықтарын қорғай білуге үйрету, адамгершілікке елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.



«#14 ЖББМ» КММ де мамыр айында жылдық жоспарға сәйкес оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын - алу мақсатында " Заң үстемдігі баршаға ортақ міндет " тақырыбында сынып сағаты ұйымдастырылды . Мақсаты : Оқушыларды елін,жерін сүйуге, Отанын қорғауға,заңды құрметтеуге баулу.

Қарағанды облысы бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын- алу ағартушылық пул спикері Абишев Жомарт Сүлейменұлы #14 ЖББМ КММ-де мектеп ұжымымен сыбайлас жемқорлықтың алдын- алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді . Әр алуан тақырыптарды қамтыған кездесу барысында әр түрлі сұрақтар қамтылды.



"14ЖББМ" КММ-сінде 2 сыныпта "Менің сыныптағы бір жылым" атты сынып сағаты өтті.Онда оқушылар өздерінің бір жылғы білімдерін пысықтады. Сабақ ойын түрінде өтті.Сынып жетекшісі:Бимағамбетова Светлана



"№14 Жалпы білім беретін мектебі" КММ-де Ұлытау облысы білім басқармасының "2022-2023 оқу жылын аяқтау шаралары" жоспарына сәйкес

“Мұғалімнен сәлем” акциясы жүргізілді. Мұғалімдер оқушыларға хат жолдады.

“Мұғалімнен сәлем” акциясының мақсаты: Әрбір оқушыны ынталандыру, қолдау, мұғалім мен оқушы арасында сенімді қалыптастыру болу керек.

Ұйымдастырушы: Ибадильдина Назира Рымкажиевна.

“Табыс формуласы” оқушылардың “Үздік бизнес-жоба” аясында жеке кәсіпкер 4 маусым күні Астана қаласында өткен “Аламан кұрақ” фестиваліне қатысып, еңбегі Қазақстанның рекордтар кітабына енген Садуақасова Меруерт апаймен Ж.Тамабаеваның ұйымдастыруымен онлайн форматта кездесу өткізілді.

Мақсаты: “Өнегелі өмір” жобасы аясында жастардың инновациялық бизнес-жобаларын іске асыруға серпін беру, облыстың әлеуметтік - экономикалық дамуына ықпал ету. Мектеп оқушыларын қазіргі таңда табысқа жеткен кәсіпкерлермен кездесуін ұйымдастыру.



мектеп директоры  Б.Алтынбеков

орын: Е.Оразбаев
8 (7104) 13-40-40